

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

SOCIAL SCIENCES

FTAMP 03.20

Т. Маратұлы¹

¹Сулейман Демирел университеті
Қаскелең, Қазақстан

XX ҒАСЫРДЫҢ І ШИРЕГІНДЕГІ ЖАСТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ

Андатпа. XX ғасырдың басындағы Ақпан төңкерісі нәтижесінде самодержавие кезінде тыйым салынып келген ұйымдар 1917 жылдың көктем мен жаз айларында көптеп, Қазақстан әр аймақтарында қалыптасты.

Кез – келген кезең туғанда соған сәйкес негізгі қозғаушы күштің дүниеге келуі даусыз. Ол-жастар XX ғасыр басындағы қоғамдық саяси оқиғалар нәтижесінде қалыптасқан жастар қозғалысы–тарихта әлі де сыр шертетін тақырып.

Тақырыпты зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы,баяндау әдістері қолданылады. Ұйымдардың ағартушылық қызметі, міндеттері, олардың арақатынасы және әр түрлі ұйым талаптарының бір-бірімен салыстыру баяндалады. Зерттеу барысында тақырып келесідей міндеттер қарастырылады: жастар тарапынан қалыптасқан ұйымдар, олардың баспасөздері,мақсаттары мен рөлі. Тарих беттерінде әрі де насихатталмаған тұлғаларды атау, оларды қоғамға үлгі қою және әділ бағасын беру – қазіргі ұрпақтың борышы.

Кілт сөздер. Жастар қозғалысы, «Талап ұйымы», «Еркін дала», «Абай» журналы, «Сарыарқа» газеті, ағартушылық, «Жас Азамат».

Abstract. As a result of the February Revolution of the early twentieth century, organizations banned in autocracy were formed in different regions of Kazakhstan in the spring and summer of 1917.

In connection with the turning point the birth of the main driving force is uncontested. It's - young people. The youth movement, formed as a result of social political events of the beginning of the XX century, is still a subject of history.

Historical and comparative reporting methods are used in the study of the subject. It describes the organization's educational activities, objectives, their

correlation, and matching the different organization's requirements. The research covers the following tasks: youth organizations, their press, goals and roles. It should be the duty of the current generation to remember persons who have not been promoted in them, and to give them a model and just estimate.

Key words. Youth movement, Talap organization, Erkin dala, «Abay» magazine, «Saryarka» newspaper, enlightenment, «Zhas Azamat».

Аннотация. В данной статье автором представлен исторический анализ существования и деятельности молодежных организаций в Казахстане. Представлены данные о том, что в результате Февральской революции начала двадцатого века, организации, запрещенные во время самодержавия, были сформированы в разных регионах Казахстана весной и летом 1917 года. В связи с поворотным моментом в истории, рождение основной движущей силы было неотвратимо. Основной костяк – молодые люди. Деятельность молодежного движения, сформированного в результате общественно-политических событий начала XX века, все еще остается полностью нераскрытой в истории страны.

При изучении истории используются методы исторической и сравнительной отчетности, где описываются различные мероприятия организации, ее цели, взаимосвязь и соответствие требованиям других организаций. Проведенное автором исследование предполагало решение следующих задач: выявление в Казахстане в XX в. молодежных организаций, определение их роли в истории общества глазами нынешнего поколения, выявление людей, которые остались без должного исторического внимания, оценка результатов их деятельности.

Ключевые слова: молодежное движение, организация «Талап», «Еркін дала», журнал «Абай», газета «Сары-арка», просвещение, «Жас Азамат».

Кез–келген кезең туғанда соған сәйкес негізгі қозғаушы күштің дүниеге келуі даусыз. Ол-жастар. XX ғасыр басындағы қоғамдық саяси оқиғалар нәтижесінде қалыптасқан жастар қозғалысы–тарихта әлі де сыр шертетін тақырып.

XX ғасырдың басындағы Ақпан төңкерісі нәтижесінде самодержавие кезінде тыйым салынып келген ұйымдар 1917 жылдың көктем мен жаз айларында көптеп, Қазақстан әр аймақтарында қалыптасты. Солардың қатарында Қазақстанның қалалары мен елді мекендерінде қалыптасқан жастар тарапынан құрылған ұйымдар да бар.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Тұр, Бұқара ! Жиыл кедей ! Ұмтыл жастар !» деген мақаласында: «Біздің кара халық бұ теңдік, бұ бостандық кімге келген теңдік, бостандық

неменеге болған бостандық екенін әлі білген жоқ сияқты. Әуелі сөзге бостандық берілді. Не сөйлесек ауызға қағатын кісі жоқ... Бостандық бас қосып, науқан қылып, ұйым жасап, бірлесіп іс қылуға берілген бостандық... Жиырмасыншы ғасырдың жастары, жаңа заманның адамдары барсындар ма ? Қайдасындар ? Мұндай заманда атқа мініп іс қылмағанда қайда істейсіңдер ? Бар болсандар істейтін істерің мынау: мұғалім – учитель, болмаса жоба білетін жас жігіттер басшы болып бұқараның басын қосып, « Бұқараның ұйымы» деген ұйым жасау керек. Бастаушы болса, қостаушы табылады. Қорқатын, қорғанатын заман емес... Ұйымның бітіретін жұмыстарын қысқаша көрсетейін: - Бұқараға теңдік әперу жолында бас қосып, түсіндіріп, партияны тоқтату, комитеттің істелген жұмысын бақылау, халыққа алым – шығынды әділдікпен салдыру. Елге пайда келтіру жолында мектеп, уақ қарыз серіктігі, потребительный ләпкелер ашу, ұрыны тию, уездной һәм областной комитеттермен хабарласып, не жұмыс болса халыққа таратып һәм елдегі жұмысты комитеттерге білдіріп тұру. Ұйым жасауға кісінің саны шарт емес. Ал жастар ! Жігерленбей, сілкінбей, қара бұқарамыздың есі кірмей, ақыл да, білім де күштіде, жуанда деп бағана берсек іс бітіре алмаймыз. Іс бітіре алмасақ табанды, іргелі халық болуымыз кәдік. Ұйғым ашқандар областной комитетке білдірсін. Сұрайтын сөзі болса «Сарыарқа» газетінің басқармасына жазып тұрсын», - деп жастарды, барша зиялы қауымды бостандық, теңдік алу жолында бірлесіп ұйым құруға, ортақ іске жабыла қызмет етуге шақырды [1].

Қазақ жерінде самодержавие тарапынан қалыптасқан әлеуметтік, саяси және рухани қыспақтың Ақпан революциясынан кейін құлап, қазақ жерінде, халық арасында жаңа бір үмітті қайта қалыптастырды. Елінің егемендігін, жерінің тұтастығын, халқының азаттығын, көзі ашық және көкірегі ояулы болуына ел зиялылары сол уақытта тағдырдың шешуші бір кезеңі екенін ұқты. Соған байланысты халық арасында ағартушылық, елдің бірігуі мен ұйымдасуы туралы идеяларды таратып, «Алаш» партиясы маңында топтасуды насихаттады.

Ақпан төңкерісінен кейін құрылған ұйымдардың қатарын С.Сәдуақасовтың баяндауы бойынша Қазақстан аумағында құрылған Алашшыл жастар ұйымдарының саны 21- ге жетті. Өзінің «Жастарға жаңа жол» атты еңбегінде: «1912 – ші жылдан бастап 1917 – ші жылғы төңкеріске шейін бірен – саран ашылып келген ұйымдардың бәрі жасырын іс жүргізіп келді. 1917 – ші жылдан былай жастар ұйымдарына ашылуға ерік болған соң, әр жерлерден бұрқ – бұрқ етіп ұйымдар шыға бастады. 1917 жылы Қазақстанда мынадай ұйымдар ашылды: «Еркін дала» (Орынборда), «Жанар» (Семейде), «Оқытушылар ұйымы» (Семейде), «Талап» (Семей болысы, Шыңғыс болысында), «Игілік» (Орынборда), «Қамқор» (Торғайда), «Жас қазақ» (Оралда), «Үміт» (Тройцкіде), «Талап» (Қызылжарда), «Оқығандар» (Көкшетауда), «Ұйым»

(Екі-бастұз заводында), «Ғылым ұйымы» (Керекуде), «Ынтымақ» (Атбасарда), «Жас жүрек» (Спасск заводында), «Жастар ұйымшасы» (Бөкей Ордасында), «Жасқазак» (Ақмолада), «Қазақ жәрдемі» (Зайсанда), «Ерік» (Баянауылда), «Қызмет» (Керекуде), «Жас тілек» (Ақтөбеде), «Ғылым» (Керекуде) [2, 38 б.].

Жер-жерлерде қалыптасқан ұйымдардың негізгі мақсаты бір еді. Жастар ұйымдары қазақ еңбекшілерінің арасында газет пен журналдар таратуды, халықтың сауатын ашуға көмектесуді, әйел теңдігі үшін үгіт жүргізуді өздерінің басты міндеттері деп түсінді [3,111 б.].

Алғашқы кезде ағартушылық идеяларды таратқан жастар ұйымдары ендігі кезекте Қазақстанда қалыптасқан шиелініске байланысты саяси аренаға да тартыла бастады. Бұған байланысты жастар ұйымдары Қазақ комитеттері құрылуына, Земстволық басқаруды енгізуге, Құрылтай жиналысының сайлауын ұйымдастыруда өз үлестерін қосып отырды.

Жер – жерлерде құрылып жатқан ұйымдардың баспасөздері бұл мақсаттарды жариялау-да келесідей атқарып отырды. Мысалы, Қызылжар шаһарында қазақ жастары жиылып, кеңек қылып ойдағы-қырдағы бауырларының қамы үшін «Талап» деген қауым ашып, ұйымның ұстанған жолын былайша атап көрсетеді:

- Халықты осы күнгі мемлекеттегі саяси істермен таныстырып, демократиялық жолына демеу һәм саяси істерде халыққа жол басшылық қылу;

- Халықты земствомен таныстырып, пайдалы жолмен іске асыру;

- Учредительное собрание сайлауында халыққа жол басшылық қылу;

- Қазақ халқына өнер, білім тарату:

а) жастар арасына газет – журнал шығарып һәм қазақша шығатын кітаптарды тарату.

б) оқу құралдарын шығаруға жәрдемші болу.

- Қазақ әдебиетінің дәуірлеріне басшылық қылу: нағыз қазақ тілінде болған бұрынғы үлгілі мақалдарды, ертегілерді, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, жар – жар һәм қазақ шежіресін жинау;

- Ел арасындағы зиянды партияларды жою жолында болу;

- Қазақ кедейлерін байлардан келетін түрлі кемшіліктерден құтқару жолында болу;

- Әйелдер тақырыпты жалпы мұсылмандар съезіндегі һәм жалпы қазақ съезіндегі істеген қаулыларды іске асыру;

- Мұқтаж оқушыларға не жолмен болса да жәрдем жию.

Қазақ даласындағы қазақ жастарының ағартушылық ісінің қолға алуы басылып шыққан газеттер мен журналдардан көрінеді. Солардың бірі «Абай» журналы. Семейде 1918 ж.-ғы ақпан-қазан айларында 12 саны жарық көрген ғылыми – әдеби, шаруашылық журналы.

Шығарушысы – «Жанар» ұйымы және «Уақ қарыз» серіктестігі. Редакторы – Жүсіпбек Аймауытұлы. Жауапты шығарушылардың бірі – М. Әуезов. Журнал ақын, ойшыл Абайды - ұлттың биігі, кемеңгері деп есептеп, ел және руханият жайын осыған сай байыптауды көрсетеді. Оны Ж. Аймауытов жазған журналдың алғашқы санындағы: «Журналдың атын «Абай» қойған соң әдеби жолын ғана тұтыну керек еді дер біреу. Оған айтатынымыз: Абай жалғыз ғана ақын (литератор) болды деуге болмайды. Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай. Солай болған соң журналды Абайға арнағандық, Абайды қай жөнінен болсын ұстаз қылып, бетке ұстап, жастар шәкірт болып, соңынан жүруге талап-танғандығын көрсетеді» деген беташар мақаладан оқимыз [4]. Мұнда Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, М. Дулатұлы, Ғ. Қараш, М. Тұрғанбайұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланған [5,8 б.].

Саясат ісінде тәжірибелері тым аз жастардың қателесулері, ең алдымен, сол кездегі саяси ағымдардың әр алуыандығы болса, екіншіден, жастар ұйымдарының басын біріктіретін ортақ ұйымның болмауынан еді. Бұдан жер-жерлердегі жастар ұйымдарының жұмыстарын, іс-әрекеттерін бір тәртіпке түсірудің, жүйеге келтірудің, олардың қызметтеріне басшылық алатын ортақ жоба жасаудың қажеттігі туындады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру жолында Омбыдағы «Бірлік» ұйымы І жалпықазақ жастарының съезін шақыруды қолға алды. Бұл съезд 1918 ж. 5-13 мамыр аралығында Омбы қаласында болып өтеді [6].

Сол біріккен ұйымның басқармасы осы сиезде сайланады. Төрағалыққа - М. Мырзаұлы, басқарма мүшелігіне - С. Садуақасұлы, М. Сейітұлы, Г. Досымбекқызы, Ә. Бай- ділдаұлы бекітілді. Ұйымның тілі- «Жас азаматтың» жауапты шығарушысы болып Х. Кемеңгерұлы тағайындалды [7,72-73 б.].

Бұл съезде саясат, кооперация, жастар ісін ұйымдастыру, жәрдем үйін ашу, ауыл шаруасы, дәрігерлік, оқу, әйел, жұмыскерлер мәселесі қаралған [8].

Алайда Қазақстан аумағында туындаған арпалыс нәтижесінде құрылған қазақ ұлттық-демократиялық жастар ұйымдарының қызметтері қиындай түсті. Оның бірден-бір себебі сол кезде Қазақстан аумағында «Алаш» идеясына қарама-қарсы Кеңестік билік органдары өздерінің билігін таратып отырды. Қазақ ұлттық - демократиялық жастар ұйымдарымен қатар жер-жерде революцияшыл бағыттағы жастар бой көтеріп, олармен күрес басталды. Бар күш-жігерін сала қызмет атқарғанына қарамастан, жердің шалғайлығы және қаржы тапшылығы әсерінен «Жас азамат» ұйымы қызметіне өз кедергісін тигізді.

Қазақстанның барлық аумағында Кеңестік биліктің орнауы, коммунистік идеологияның таралуына байланысты қазақ ұлттық-демократиялық жастар ұйымдары қызметі әлсіреп, жабыла бастады. Жастардың комсомол ұйымдарына көптеп тартылуы, оларға жағдай жасалуы, тікелей коммунистік идеологияның Қазақстанды, әсіресе жастар арасында толықтай бекінуіне мүмкіндік берді. Көптеген қиындықтардың тап болуы әсерінен, басталған іс өз жалғасын таппады. Еркіндік үшін, тәуелсіздік үшін басталған күрестің бұндай нәтижелері-қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысын бір ғасырдай уақытқа кешеуілдетті.

XX ғ. басындағы Қазақстан аумағында болып өткен бұндай саяси-әлеуметтік оқиғалар: демократиялық жаңғырулар, зиялылар мен жастар тарапынан көрінген белсенділік келешектегі Тәуелсіз мемлекет болуға өз іргетасын қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Сәдуақасов С. Жастарға жаңа жол. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 2003. – 432 б.

2 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

3 Аймауытұлы Ж. «Абай» журналы туралы // Жалын. – 1989. – № 6. – Б.102-103.

4 Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.

5 Қамзабекұлы Д. Руханият (Мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: Білім, 1997. – 272 б.